

24.5183.1  
Т 53



*Җас толкын*

# Тоқтарәлі ТАҢЖАРЫҚ



*Мун парадтары*

**Тоқтарәлі**  
**ТАҢЖАРЫҚ**



**ТҮН**  
**ПАРАҚТАРЫ**



Алматы  
“Жалын баспасы”  
2008

ББК 84 (5 Қаз) 7-5

Т-53

Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрілігінің  
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр

**Т-53** Тоқтарәлі ТАҢЖАРЫҚ,  
Түн парақтары. Өлеңдер. — Алматы:  
“Жалын баспасы” ЖШС,  
2008. — 64 б.

ISBN 9965-693-73-0

Ақынның алғашқы жыр жинағына өмір мен өлім, ақ пен қара арпалысындағы сезімнің күңгірт бояулары шарпысқан жүректен шымырлай туған өлеңдері еніп отыр.

Т  $\frac{4702250202}{408 (05) -08}$  -2008      ББК 84 (5 Қаз) 7-5

ISBN 9965-693-73-0

© Тоқтарәлі ТАҢЖАРЫҚ., 2008

© “Жалын баспасы” ЖШС, 2008

# Бірінші бөлім

## Орман және түс

### ҚОШТАСУ

Самарқау күздің бір түні,  
Жан-жаққа шашқан Ай нұрын.  
Бәрінің кеткен сұлкіні,  
Бейнесі бар қайғының.

Тұрмын іштей өкініп,  
Бізден бақыт үріккендей.  
Екеумізді екі үміт,  
Жетелейді күш бермей.

Айдың нұры шашылған,  
Түнгі аспанға қарадым.  
Сен кеткенде қасымнан,  
Жасқа толды жанарым.

Жалғыз қалып барамын,  
Қарамадың сен елеп.  
Сенсіз маған, қарағым,  
Мына өмір не керек?

Жалғыз тұрдым оңаша,  
Ойлар қамап керемет:  
"Күннің нұры болмаса,  
Ай болғаны не керек?"

1997 ж.

## АЙЛЫ ТҮН

Сенімге жалғадым,  
Іңкәрлі сезімді.  
Сол түні, арманым,  
Мен күттім өзіңді.

Жымыңдап жұлдыздар –  
Аспанның шырағы.  
Бозарып шың-құздар,  
Бұлдырап тұрады.

Табиғат мүлгиді,  
Айлы түн арайлы.  
Ауылдан бір мұңлы  
Музыка тарайды.

Қиялмен тербелдім,  
Тыңдадым беріліп.  
Сол сәтте сен келдің,  
Ақ нұрға шомылып.

Ала бұлт аспаңда,  
Ай тұрды күлімдеп.  
Ақпаңда ақ қарда  
Біз тұрдық дірілдеп.

Өкініш болардай,  
Қайғы емес ол да аса.  
Сол түннің оралмай,  
Кеткені болмаса...

1998 ж.

\* \* \*

Жатырмын ұйқым келмей,  
Бойымды билеп алды сиқыр нендей?  
...Беймаза шақтарыма жартікеш Ай  
Әйнектен сығалайды, сүйсінгендей.

Қадайды өңменімнен сұғын қайғы,  
Жұлдыздар да үн-түнсіз жымыңдайды.  
Қос құлағым неліктен шыңылдайды,  
Сыбырлайды,  
Әлдене сыбырлайды.

...Бұл түннің сұсы қандай,  
Бәйекпін өзімді өзім түсіне алмай.  
Жүп-жұмыр жұдырықтай жүрегімде,  
Ғаламат ғаламның бір күші бардай.

Мұң деген сары күшік,  
Санамда сарпалдаң боп сабылысып.  
Көз алдыма бір бейне елестейді,  
Ақ жүзі Ай нұрымен шағылысып.

Жатырмын ұйқым келмей,  
Көкірегім кей сәтте күрсінгендей.  
Менің нәзік жанымда,  
Ой тәйір-ай,  
Бар екен тылсым нендей?

Жатырмын ұйқым келмей...

## ЕҢ СОҢҒЫ АЛАУ

Дарқан дала жамылып көлеңкені,  
Кешкі шуақ шақырды жел еркені.  
Қимастықпен қиылған қыз баладай,  
Күн қия алмай барады кең өлкені.

Дөңгеленген дүние тербетіле,  
Кім мін қоймақ ғажайып келбетіне.  
Қызғылт нұрға шомылып тылсым ғалам,  
Ең соңғы алау шашылды жер бетіне.

Еркін, ерке сезімді бұлақ қылып,  
Айналамыз жатқандай құлақ түріп.  
Ең соңғы алау тұрғанда шуақ құйып,  
Ең соңғы рет қоштастық жылап тұрып.

Мөлдір шыққа шыланып сенің көзің,  
У аралас құйдың-ау сезімге мұң.  
Дір-дір етіп жабысты күйдіретпей,  
Қызыл шоқтай қып-қызыл еріндерің.

Қимастықпен аймалап бал тілдерің,  
Ең соңғы рет арналды алтын демің.  
— Ең соңғы алау есінде қалсын, — дедің,  
— Қалсын дедің, — мәңгілік жансын, —  
дедің.

Ең соңғы алау тұрғанда шуақ құйып,  
— Қош бол, — дедің қия алмай жылап  
тұрып.

Сезімімді не керек сергелдең ғып,  
Жүрегімді кеттің-ау сызат қылып.

Қиясын көңілімнің кездім ерен,  
Қимастық жүрегімді езгілеген.  
Қызғылт нұрға боялып бара жатты,  
Ақ көйлегің үстіңде желбіреген.

Үмітімнің сөнгендей шам-шырағы,  
Тұла бойым дірілдеп, қалтырады.  
Ең соңғы алау барады нұрландырып,  
Қимастықпен қараймын әлсін әлі.

Тағдыр бізді жаратқан мұңлы қылып,  
Мұңымызды кең дала тұрды біліп.  
Сүмбіл шашың желбіреп, мың құбылып,  
Ең соңғы рет қарадың бір бұрылып.

Мұңға толы сыбыры жел еркенің,  
Ымырт жауып барады кең өлкені.  
Күн секілді қызарып бардың дағы,  
Сүңгіп кеттің қойнына көлеңкенің.

Сол сәтте сұп-суық жел гулеп өтті,  
Гулеп өтті, түнеріп түн де жетті.  
Балдырғандай бала шақ, бұла дәурен,  
Өкініш – ай, өзіңмен бірге кетті,

...Қасымнан күн де кетті, гүл де кетті...

2000 ж.



## ҚОБЫЗ ҮНІ

Ез тірлікке кететіндей есем дүр,  
Көңілімде секең қағып секем жүр.  
Екі кештің арасында, япыр-ау,  
Есі кетіп еңіреген не екен бұл?

Не екен бұл?  
Сұмдық айтқан сұңқылдап,  
Тұңғиықпен тілдесіпті мұңшыл бақ,  
Өзегінің өзегіне өрт кетіп,  
Жатыр екен кім тыңдап?!  
Бара жатыр шырқымды ап.

Жұмыр жердің дірілдеткен жүрегін,  
Бұл қобыз ба?  
Иә, қобыз... білемін.  
Көрін қазып жатырмысың біреудің,  
О, ұлы өлім, ұлы өлім?!

Сүркей үннен сұрқы қашып бақтардың,  
Қара таудың қабағында қатпар мұң.  
Жұлым-жұлым жүрегімді жұлмалап,  
Бұл қобызды тартқан кім?!

...Айтшы, досым,  
Оу, ізгі,  
Боздатқан кім мынау боздақ қобызды?  
Бұл жалғаннан мініп келмес кемеге,  
Қанша жандар қапияда қол үзді?

Әлде мынау қобызы ма Қорқыттың,  
Қуғындаудан құтылған ба ол тұтқын?

Ол емес қой, ендеше мен несіне,  
Көңілімді толқыттым?

Нәлет айтып замананың зарына,  
Өрт кеткендей көңілімнің бағына.  
Сол бір әуен сұңқылдайды тағы да,  
Үрей келіп ұялайды жаныма.

Желмаясын мініп алып тайпалған,  
Сыбыр естіп сиқыры мол сайтаннан.  
Қорқыт қашып құтылмаған ажалдан,  
Ал мен қашып құтылам деп айта алман...

...Кемем әне шайқалған.

2003 ж.

## ТҮСІМЕ ЫЛҒИ ЕНЕДІ

От пен судың келемін арасында,  
Ағажан, айтқаныма нанасың ба?  
Көзімді ілсем болғаны Кеңсайдағы,  
Жүремін аруақтар қаласында.

Сол жаққа біреу мені шақырғандай,  
Мен көрмеген онда бір асыл бардай.  
Жоқ нәрсені дәнігіп дәметемін,  
Әлдекімнен алатын ақым бардай.

Жалғанның у-шу болған көшіне ермей,  
Осы жандар деймін мен несіне өлген?  
Жетімдері айтты деп жер бетінің,  
Жетім күйді боздатам жетігеннен.

Көз жасымды ағызып орамалға,  
Мұңымды айта бастаймын мен оларға.  
Жетім қалған тілімді жеткізе алмай,  
Жырымды оқып жылаймын молаларға.

Тілімді айтам жазықсыз жараланған,  
Дінімді айтам қапыда қараң қалған.  
Жалықтым, — деп саңырау, сараңдардан,  
Жабықтым, — деп жалғанда жамандардан.

Тежей алмай өзімді ырыққа шын,  
(Бұлай өмір сүргенің құрып қалсын!)  
"Сұп-суық қайғыңды..." айт деп  
жылынамын,  
Құшақтап ап Мұқаңның құлпытасын.

Осылай мен оларды оятамын,  
Сипайды кеп біреудің алақаны.  
Алақаны екен ол қай апаның,  
Рухы шақырып жүр қай атаның?!

...Аралаймын атқанша ару ақ таң,  
Түн маған қош айтады түнеріп тек.  
Түсіме ылғи енеді аруақтар,  
Ал, өңімде көргенім тірі өліктер...

2003 ж.

## ВОКЗАЛ. ТАҢ

Адамдар адасқан вокзал,  
Ешкімнің жасына сенбес.  
Қарсы алып алатын жандар,  
Шығарып салуға келмес.

Пеңделер тіл қатар сараң,  
Жұбатпас бұлыңғыр көше.  
Бүгін де адасып барам,  
Мен онда адасқам кеше.

Қапаста құстар тұр небір,  
Шыққысы келеді тордан.  
Анау бір Алаңда шеру,  
Е, оның бәрі де жалған.

Көзіме құйылған ғарыш,  
Ол дағы жаралған мұңнан.  
Мен сүйген сағыныш алыс:  
Бейуақ сыңсыған нулар...

Ән салар Мұңлық пен Зарлық,  
Ішінде дүбірлі көштің.  
Тауларды тоздырар жаңбыр,  
Бәрін де мүжіген өксік.

Шараппен тарқатып шерді...  
Көңілім қалды бар жолдан.  
Сен мені өксітпе енді,  
Армандар адасқан вокзал.

## САПАР – I

Арманыммен жүрсем де Ай мініп мен,  
Тағдырымнан тамаша таңды күткем.  
Шыққым келіп тұрады бір сапарға,  
Сайланып ап сақадай сайгүлікпен.

Шемен көңіл шертпей шер-наланы,  
(Сол бір күндер мен үшін ең бағалы) –  
Жай отының жарысып жарқылымен,  
Көктей өтіп кетсем бір ен даланы.

Мен жайлы сыр шертеді ғасыр әлі,  
(Оны несін, қалқатай, жасырамын).  
Туған жердің тау-тасын талықсытып,  
Шырқасам ғой шырайлы ғашық әнін.

Шыңырауға шақырып шаттық үні,  
(Қиялдаудың ойлашы тәттілігін)  
Сағыныштың сапырып самалдарын,  
Құлағыңа жетсе, әттең, ат дүбірі.

Теңбілкөктің төсінен тер ағызып,  
Қиқу салып құйғытсам, және қызық.  
Сапарыма сәт тілеп менің іштей,  
Ұйықтамасаң түн бойы елегізіп...

Талықсысаң таң ата... (түсін еркем),  
Өмір сүріп жүрмін де үшін ертең.  
Жапан дала төсінде жалғыз ғана,  
Шауып бара жатып мен түсіңе енсем.

Мен солай бір жол тартсам тұлпар мініп,  
Аспанымда шарықтап сұңқар мұңым.  
...Дүбірлетіп жеткізсем дүниені,  
Саған деген жанымның іңкәрлігін...

2003 ж.

## САПАР – II

Мендегі бір сағыныш сарқылмаған, о, тәуба,  
Айлы түнде ат мініп шықтым ұзақ сапарға.  
Шашасына шаң жұқпас теңбілкөкті

мініп ап,

Өзің жақты бетке алып келем жалғыз

зымырап.

Қимай, сірә, не етемін, болсын кімге мінәсіп,  
Жел кеулеген етегін қалды артымда лашық,  
Шарап па еді шайырдың сағынышын

қозғаған,

Аңсарына жете алмай бота – жүрек

боздаған.

Өттім талай шөлдерден, өттім талай өзеннен,  
Білем шексіз шөлдеуден ернім әбден

кезерген.

Көкірегімді мұң өртеп, қиялымда

жыр жанды,

Бүгіп сансыз сырларды шөлейт-шөлейт

құм қалды.

Етегімнен жабысып желде қалды жылаған,  
Былдыр-былдыр тілінде айтып жатты

бұлақ ән.

Тау қозғалып, жай түсіп, аспан құлап

кетсе де,

Мені осы сапардан тоқтата алмас

ештеңе.

Масаң көңіл оянып, өзегімде от борап,  
Әнге салып қоямын:

“Әйтшу-әйтшу, көкшолақ!”

Жатыр таулар мұнартып, басып бұлттар  
бауырын,  
Таңғы ұйқыда мүлгіген мынау сенің ауылың.  
Жеті түнде желпініп жеттім бе аңсап ақыры,  
Сағына алмас дәл мендей ақындардың  
ақыны.

От құшақта өртеніп жатсам құлап тағы бір,  
(Мені осы арманға жеткізе көр, Тәңірім).  
Шайыр үшін аялы: сезім — көрпе, жыр —  
төсек,

Мен аңсаған баяғы мынау сенің күркешең.  
Келдім кеудем күй толы, кепкен шақта  
кенезем,

Таңның нұры төгілген — біз сырласқан  
терезе.

...Мен келгенде неліктен оянбадың,  
ерке мұң,

Енді амалсыз мен сенің әйнегіңді шертемін...

2004 ж.

## ҰЛУ

Еме, еме өскен ем Бөрі

Анамның емшегін,

Көкірегіме құйып ап жанарымның

мөлтеңін, —

Қияндарға жорттым сан сапар шегіп,

жол шегіп,

Болса дағы тұманды бүгінімнен ертеңім.

Теңіздің де көрсетпес қара тұман айдынын,  
Қалғиды анау қара тау... қап-қара тау —  
қайғылы.

Жанарымды шарпыса жалқындаған  
Ай нұры,  
Жебелердің ізінен жосып ағып зар-мұңым  
Атылады жай құсап.  
Мұңға толы даусымда жатыр менің жан  
құсам.

От шайнаған азудан арлан тісім ақсиып,  
Қасіретімді ұғарсың Айға қарап қарғысам.  
Көп-көгілдір көз жасым көкірегіме түнеген,  
Оны кейде аспанға шашып-шашып  
жіберем!

Аңғарлардың ішінде арқыратып қуамын,  
Қысырақтың үйірін құйрық-жалын күзеген.

Сосын ұзақ отырам құба дөңнің үстінде,  
Сәл мызғысам болғанлы түсіме ылғи қыс  
кірген.

Көкжиектің нұрына кере қарап төсімді,  
Аққан жұлдыз алауын арпалысып іштім  
мен...

Тұрса дағы бір сәтке Ай толықсып...  
Күн бүрлеп,  
Өзегімді өртейді мың сағыныш,  
мың бір леп.  
Мынау ғазиз ғаламның әйнегінен  
мұң күлген,  
Қасіретімді қайтсем тауысармын  
түнге үрлеп?!

...Жатады ұ-за-ақ бұл дауыс Күн  
астында күңгірлеп!



Қаңтардың қай бір түні еді,  
Қалған ем, әйтеуі, қаңғырып.  
Ұсынды маған жүрегін,  
Жалғыздық деген жарлы үміт.

Сол бір түн әлі ойымда,  
Бәрін де тұрдым мойындап.  
Келемін жалғыз уайымдап,  
Бейтаныс көше бойында.

Көліктер жатыр зуылдап,  
Көше ғой тегі шуылдақ,  
Қарыны тойған сәбидей,  
Алматы жатыр пырылдап.

Сары шұнақ аяз,  
(Тым шұнақ),  
Соңымнан қалмай шымшылап.  
Ойымда менің тұрды тек:  
“Барамын қайда?” – бір сұрақ.

Ықтасынға бір бұрылдым,  
Қараңғы еді ол, жарықсыз.  
Панасыз жүрген пенделер,  
Үш-төртеу болып қалыппыз.

Көзімді жасқа толтырдым,  
Қаңғырған жандар үшін тек.  
Оларды аяп мен тұрмын,  
Олар тұр мені мүсіркеп.

Қаншама жол басқаныммен,  
Кеудемде әлі пақыр мұң.  
Панасыз "жолдастарыммен",  
Бір таңды солай атырдым.

Суыққа тоңдым, үсіндім,  
Жанымда тілсіз зар-мұң бар.  
Сендерді сонда түсіндім,  
Қаңғырған қайран тағдырлар...

2003 ж.

## ҚҰШТАРЛЫҚ

Сезім нұры жауғанда себелектеп,  
Ермен мұңға мас болған ебелектеп.  
Қызыл гүлдің жабысып қауызына,  
Қонса жалғыз қоңырқай көбелек кеп...  
Ол менмін ғой,  
Әлдене керек еткен.

Жетім көлшік бөленіп шұрылға сан,  
Маңғаз тірлік айтқанда жырын масаң.  
Бозала таң атқанда бозторғай кеп  
Терезеңе қонақтап шырылдаса,  
Ол менмін ғой...  
Қайтейін ұғынбасаң.

Тырналарын түн бойы тыраулатқан,  
Мұңлы әуенге тұншығып мұнарлы аспан.  
Қара жолдың үстінде қайғы құшып,  
Жапырақты көрсең сен құлап жатқан...  
Ол менмін ғой,  
Сені ойлап жылап жатқан!

Қыңыр боран қымсынбай қыңсыласа,  
Қыңсыласа,  
Бір сәтке тыншымаса.  
Сенің алма жүзіңді аяз келіп  
Ақырын шымшыласа...  
Ол менмін ғой сүюге құштарланған,  
Жүрегіңнен бір күні бүршік атам...  
2003 ж.

\* \* \*

Уақыттың шәлісін жамылып қаралы,  
Басыңнан бір күн аунады ма ақыр?  
Қып-қызыл қанға боялып тамағы,  
Батыстың баба таулары жатыр.

Ұқсай ма, айтшы, бүгінің кешемен,  
Жазмыштың жүрміз алдында жүгініп.  
Қайыршылар дел-сал қаңғырған  
көшемен,  
Көлеңкелер өне келеді жүгіріп.

Терезеңе сенің іңір қонақтап,  
Күдіктер бүркеп көңілдің көзін.  
Жарық сәулені сімірген аппақ,  
Қараңғыдан оянған өмірдің өзі.

Кеш кірді солай,  
Естеліктер ескірді,  
Алыптар жазған хатқа сенейік:  
"Беймезгіл үптетіп бесенесіз бес күнді,  
Аналардың барады ақ шашы көбейіп!"

Кеуденді сосын жаулайды сенің  
Бір сұмдық үрей.  
Лағылдар ішінде лаулайды сезім,  
Дауылдар ұшырып күлкіңді дүлей.

...Кім білсін бүгін таңдана бірден,  
Ес-түссіз елжіреп құшамын ба бақыт?!  
Айғақ сырларын Ай ғана білген,  
Қараңғы түннің құшағында жатып!

2003 ж.

\* \* \*

Күз.  
Айналам сап-сары,  
Сап-сары атырап.  
Алдыма кеп құлайды,  
Құйын қуған жапырақ.

Оларды кім шектейді,  
Сағынышы — салқын үн...  
Құлағымнан кетпейді,  
Қайтқан қаздың қаңқылы.

Еркіндікпен табысып,  
Барады ұшып сетерлер.  
Қанатына жабысып,  
Бірге ұшып кетер ме ем.

Дала тәнін шымшылап,  
Ұялайды үсік кеп.  
Қиялымда қыңсылап,  
Жұртта қалған күшіктер.

Үнсіз ғана мұңдасқан,  
Беймаза бір тіршілік.  
Күңіреніп күзгі аспан,  
Күзгі өзен күрсініп...

Жүрегімді бөлшектеп,  
Жанарымда мұң басым.  
Сұрғылт тұман көрсетпей,  
Сұры даланың сұлбасын.

Мың жапырақ — мың сұрақ,  
Жерді құшар ұшып кеп.  
Қиялымда қыңсылап  
Жұртта қалған күшіктер...

2003 ж.

## МАЗАСЫЗ ТҮН

Шошимын түсіме еніп,  
Дәруіштердің сараң ғұмыры.  
Ұйықтайды жанарымның ішіне еніп,  
Әлемнің бар қараңғылығы.

Қиялдың жүйрік атымен  
Барып кеп балашағыма.  
Түнеріп тағы да отырам  
Бал ашып болашағыма.

Бастайды мені ойға сан  
Батқан құндыз — күн.  
Тағдыры жайлы толғатам  
Аққан жұлдыздың.

Қашан бір осы тұманнан  
Айығар алап.  
Жетім жер үшін мұңаям,  
Айыма қарап...

Сиқырлы самал өсегін  
Таратқан лезде.  
Талықсып қалғып кетемін  
Таң атқан кезде.

2003 ж.

\* \* \*

Меңдегі іңкәр сезімді арбай,  
Жатады таулар тұмандарға шөгіп.  
Көшкен бұлттардан көзімді алмай,  
Отырам ұзақ қиялдарға шомып.

Науаидай кейде налимьн не ғып,  
Құлықсыз күйді құшқанда атырап.  
Көзіме менің кетердей еніп,  
Үп еткен желге ұшқан жапырақ,

Жабырқау жанымның жалыны үстемдеп,  
Бір мұңлы күйді таратып өлем.  
Сары даланы сағыныш тербеп,  
Қайтқан қаздардың қанатыменен.

Ақ қырау шалған анамды сүйем,  
Күзге ұқсатқан құштар ғұмырын.  
Данагөй сонау даламды сүйем,  
Тыңдаймын ұзақ құстардың үнін.

Олар да маған жылайды тынбай,  
Қорқыттың күйін тартқандай қоңыр.  
Мезгілсіз мынау мекенін қимай,  
Алыс сапарға аттанғандай бір.

Сарқылмайды олардың санасында бір ән,  
Салынам мен де сары уайымға.  
Күзгі өзеннің жағасында отырам,  
Сүйеніп жалғыз кәрі қайыңға.

Жүрегім балқып мұңлы әуенге,  
Дерттенем сосын жандай қайғым көп.  
"Күркешемде жатып күллі әлемге",  
Тұрады менің айғай салғым кеп...

2003 ж.

\* \* \*

Жауып тұр күздің жаңбыры,  
Түрі жоқ тіптен ашылар.  
Бей-жайға мені қалдырып,  
Басылар көңіл тасыған.

Тұмандар шөккен атырап,  
Қиялды мұңға батырар.  
Сарғайған сорлы жапырақ,  
Ұшады ағаш басынан.

Табыстап жерге ғұмырын,  
Әйнектен тамшы жосылар.  
Шылымның сорып шырынын,  
Мұңайып жалғыз отырам.

Үнінде сенің зар-мұң бар,  
Ашынған жүрек аһ ұрар.  
Қасірет толы тағдырлар,  
Шыланар көздің жасына...

Жанарға жасын мұң іле,  
Жауар да жаңбыр басылар.  
...Өткінші этер дүние...  
Сенбеймін бірақ осыған.

\* \* \*

Мүлгиді үнсіз мынау бақ,  
Жеткендей бір сұм хабар.  
Тымық түнде тыраулап,  
Қайда кеттің, тырналар?

Жүректерің мұң тыңдап,  
Жүрсіндер ме адасып?  
Қанаттарың сымпылдап,  
Қайда ұшып барасың?

Сағындырған өзен бе,  
Әлде, асау теңіз бе?  
Қарқарадай тізіліп,  
Барасындар нені іздеп?

Сендерге ұсап қайтуға,  
Жетпес жанның дәрмені.  
Тұңғиыққа тартылған  
Сағынышым бар менің:

Теңіздерден телегей,  
Өткім келіп тұрады.



Ештеңені елемей  
Кеткім келіп тұрады.

Екі өмір жоқ, әрине,  
Жоқ, әрине, екі өлім.  
Қандай бақыт пәниде,  
Табу іздеп мекенін.

Желпініп бір жетуге  
Мекеніне аңсаған,  
Сорлы жердің бетінде  
Қанатсыздар қаншама!..

Солар жайлы толғанып,  
Солар жайлы мұң кешем.  
Қасірет қой ол дағы,  
Түсінбейсің мүлде сен.

Теңіздерден телегей  
Өткім келіп тұрады.  
Ештеңені елемей  
Кеткім келіп тұрады.

Еркіндігі ен-тегін,  
Шомылар ем шуаққа.  
Менің дағы қайтемін,  
Қанатым жоқ бірақ та.

...Сонау байтақ әлемге,  
Жеткізіңдер бір хабар.  
Дұғай, дұғай сәлем де!..  
Қош бол!  
Қош бол, тырналар!..

2003 ж.



...Тозақ — тірлік күйдіріп сен өлегенсің  
бірақ та,  
Ерте жеткің келді ме жұмбақ толы  
жұмаққа?!  
Қыпша белден құшақтап аруларды  
ай маңдай,  
“Иранбақтың” ішінде жүрсің бе  
әлде сайрандап.  
Думандарды ду қылып жүрсің бе  
сен ән салып,  
Хор қыздары қол соғып жатқан шығар  
тамсанып.  
Сылдыр-сылдыр қамысқа сырыңды  
оқып жүрсің бе,  
Омар Хайям, Хафизге жырыңды оқып  
жүрсің бе?  
Қорқыт шалдың қобызын, тыңдадың ба  
мұң тілін,  
Ол жақта да бар шығар күншілдердің  
күңкілі.  
Жоқ дегенге күншілдер мен сенбеймін,  
сенбеймін,  
Ақын болу үшін тек кешу керек  
сендей мұң...

...Сен өлгенсің, білемін, сөнген  
шақта жасын бір,  
Ғазал мұңын арқалап мынау  
бейбақ ғасырдың!..

2004 ж.

## БОЗДАҚ

...Досым, мені тыңда сен,  
Сайтанмен де көңілдес,  
Құдаймен де мұңдас ем.  
Кеудемдегі жарамен қарсы алып ем  
таңды мың,  
О, киелі Қара Өлең — жалғандағы  
зарлығым,  
Саған шақтым мұңымды,  
Жазмыштың жасына болу үшін ұғымды.  
Қылқобыздың қылы едім, Ұлы Оғыздың  
ұлы едім,  
Жарып тастап жалғанның кетпек едім  
түнегін...  
Сапарларым баянсыз, (Оны тым кеш  
ұқтым мен),  
Соқпақ-соқпақ жолдармен сорға бола  
шықтым мен.  
Жабылмастан есігі қалды артымда  
қожырам,  
"Мен өмірді сүйем!" деп салғамын жоқ  
аз ұран.

Ол да бірақ жалған-ды.

Бәрін қойшы, сірә да...  
Сақал-шашы қылаулап,  
Мені ертіп кетеді сәлден кейін кіл аруақ,  
Тобырларды мендегі толғандырмас  
құса түк,  
Есіне алмас ешкім де қырық  
шырақ тұтатып.

Көз алдымда мың елес билер  
                                қазір — (түнгі би),  
Қобызымды қолыма ап тартам  
                                сонда мұңлы күй.  
Аңыраған зарымды ұқпаса да басқалар,  
Ай — арудың көзінен шым-шымдаған  
                                жас тамар.  
Өйткені ол, әрине, соңғы түннің куәсі,  
(Көбелектер көңілсіз күбірлесер дұғасын).  
Сосын жасым сорғалап, мұңлы Ай жанып  
                                шекемнен,  
Бұлың-бұлың көшемен бұлтқа сіңіп  
                                кетем мен.

...Жолдар күтіп тұр әне, қасіреттің  
                                иісі аңқып,  
Қой, ішелік, құйсаңшы...

2005 ж.

## ЖЫЛҚЫ

...Шуу, жануар, шап кәні!  
Алауласын алдыңнан түнгі дала оттары.  
Кекіліңе шыт байлап кетейін бір зымырап,  
Көкжиектің төсінде жатыр менің құбылам.  
Шомылсын бұл дүние көкірегімнің нұрына,  
Ат үстінде маздаймын, ат үстінде жылынам.  
Қара түнді қақ жарып, ақ ноқатқа айналып,  
Қара жолдың үстінде будақ-будақ шаң  
                                қалып;  
Мынау дала ұлына қалсын бір сәт таңданып.  
Мимырттаған тірлікке біз мінәсіп болсақ та...

Қара өткелден өтейін арлы-берлі ойқастап,  
Көстейін бұл ғаламға, кетейін бір ой тастап.

Сонан кейін ұмытып ез тірліктің күнәсін,  
Толқып аққан теңіздей мүйіске артып  
құлашын...

Жыласыншы құба дүз...  
Тарихы үшін жыласын!  
Дүниенің жүрегі дүбіріңе ұласып,  
(Анау мұңлы шайырлар жыр оқысын  
бір асыл!)

...Шүү, жануар! Шап кәні...  
Жанарымнан сол шақта ып-ыстық жас  
жатты ағып!...

2005 ж.

## АЙ

Іңір желі сұп-суық қарашығыма мұң үрлеп,  
Лашығымда жатамын әлденені күбірлеп.  
Ұласқан бұл дүние жан толқытар үілге,  
Құс жолының төсінен нұр төгілер сібірлеп...

Айдың нұры... Аспанға асып қойған  
шамшырақ,  
"Жас жүрегім саусағын жаяр" көкке  
қалтырап.

Ойлар кезіп миымда оттай ыстық,  
(салқын әм),  
Көкірегіме құйылған шымыр-шымыр  
тамшылар...

Шегірткелер шырылдап,  
бақалары шұрылдап,  
Үндерінде балқыған ескілеу бір ұғымдар.  
Қиялымда күн кешкен менің  
"құбыжығым" да,  
Сенің жалқын нұрыңмен әлсін-әлі құбылған:

Жалын атып мұңдарым  
жанарымның түбінен,  
Арпалысқан жанымның ащы жасын сімірем.  
Жазмышым жарқырап көлеңкемнің ізінен,  
Өзім қашып өзімнен айғай салып жүгірем...

Долы дауыл буырқанып  
арнасынан тасар мың,  
Малып аппақ қанатын Ай  
көгілжім шашар нұр.  
Шашым қудай ағарып, ағарып һәм сақалым,  
Теңіздердің үстімен ө-ө-ті-іп бара жатамын...

Басып өткен жолыма қасіретімнен гүл өніп,  
Шиыр-шиыр ізіммен шимайлаймын  
жыр өңін.  
Көкке ұлыған бөрідей көкжиектен нұр еміп,  
Жапандағы жалғыз бір молаларға түнейім.

Жиям өзгер есімді... Мұнар толы мұңды алап,  
Азалы бір музыка әуендері дулаған.  
Жанарымның жалыны кеңістікті кезіп бір,  
Күрсінемін тым ұзақ көкірегіме күн қадап...

Біуідақ-буддақ бұлтардың бұтағында  
бүр жарған,  
Көк жүзінде қалқысың жамалыңмен  
түнді арбап.  
С'аған қарап сол сәтте көзімді аршып  
булардан,  
Жүзім тосып үн-түнсіз ұйып сүттей иманға,  
Үшқан әбден үрейі рухымды ілдәлдап;  
Жазуларды оқимын жапырағында  
нұр жанған:

"Ла иллаһа иллалаһ,  
Ла иллаһа иллалаһ,  
Ла иллаһа иллалаһ!..."

2006 ж.

## ЖОЛАУШЫ

Бір сапарға шыққанмын, барар жерім  
белгісіз,  
Қайдан шықтым?  
Оны да айта алмаймын. (Сенгісіз).  
Маңдайыма жазылған сұрқы бөтен  
сұрақтар,  
Жан баласы төзгісіз...

Жұлдыздардан тамады жалқын, жалқын,  
жалқын нұр,  
Тоңазу бар бойымда, бар тағы да балқу бір.  
Қанаттары қып-қызыл алауларға шарпулы,  
Көз ұшында көлбеңдеп көбелектер  
қалқып жүр.



Түнжыр мұңлы көздерін түнге  
 малып кісінеп,  
 О, киелі пырағым, қасіретінді түсінем.  
 Мың жылғы бір мұңдары енгендейін түсіне,  
 Көкбөрілер ұлиды көгілдір тау ішінен.

Бал бұлақтың сыңғыры, байғыздардың  
 "түн жыры",  
 Оған көңіл елітпес. (Бұл не қылған  
 мұңдылық?!)  
 Ұйықтап кетем иенде жауып қиял түндігін,  
 Түс көремін, түсімнен оянамын шыңғырып...

Жанымды жеп жегідей жалғыздықтың  
 дауысы,  
 Қайдан шықтым, тәйір-ай, барар қайсы  
 бағытым?  
 Айдың нұрын жамылып Аруағым жүр  
 жарысып,  
 Мен келемін сүйрелеп рухымның табытын.

...Жандар біткен қарайды жанарларын  
 мұң арбап,  
 Ынтызарлық һәм олар айырылған құмардан.  
 Іңірдегі сұп-суық иреңдеген жылаңдай,  
 Қарсы алдымда қап-қара жолдар жатыр  
 шұбалған...

2006 ж.

## АЙҚАЙ

(Қайрат Рысқұлбековтың жазылмаған жыры)

Ұлтым ұлық бола алмай, рухым көкке  
қона алмай,  
Қара жерден қамығып мен де өттім,  
о, Алла-ай! —

Қайғымды айтып қайыңға.  
Өкінішім — өткенім, өзегімді өртейді  
Көкірегімде тұншыққан жалғыз айқай.  
Сол айқай —  
Азаттығым жайында...

Рухымды күйдіріп, ібіліске сүйдіріп,  
Сайтан ойнақ секілді сақ-сақ қара  
түн күліп...

Қанатымды қайырған.  
Ақ жүзінен қан тамған қылышыма  
серт еттім,  
Құлағыма жеткенде шырқыраған  
мұңлық үн,  
Баз кештіріп жанымнан.

Мынау ғазиз шаһарды шеру кезіп қаралы,  
Аруақтар үні мен әуен билеп азалы—  
Қыл қобыздың зарындай!  
Сол әуенмен ілесіп рухым менің жаралы,  
Көкірегімді күйдіріп көкке сіңіп барады,—  
Лаулап ұшқан лағылдай...

Шерменде боп шежірем жатырмын  
мен шалқамнан,  
Қарашығымның түбіне қасіретімнен  
қан тамған, —  
Кек пен қарғыс — көзімде!..  
Жарты әлемді шарпиды жаңғырығым,  
сезем мен,  
Тас табыттың ішінен тағдырымды айқайлап  
Түрегелген кезімде...  
2006 ж.

## ЖҰМБАҚТАС

...Мүжіп біткен уақыттың дауылы,  
Менің мұңды қиялымдай ескірген.  
Сан ғасырлық сағыныштың жазуы  
Сіңген саған һәм кеткен тым өшкіндеп.  
...Жыңданардай өз-өзімнен айқайлап,  
Бурабайдың толқындарын кештім мен.  
(Ал онымды түсінген жоқ ешкім де)  
Мәңгілікке мызғып кеткен мүсіндей,  
Тұрсың үнсіз ақ толқынның ішінде.

Саған қарап ойлану да тым ауыр,  
Ғасырлардың парағындай жел ашқан.  
Айнадағы елес сынды бұла бір,  
Жалғыз рет көргеннен соң... адасқан.  
...Әлденені жүрген жандай аластап,  
Күрсінеді көк аспан.  
Ал сен тұрсың ақ толқынның ішінде,  
Мәңгілікке мызғып кеткен мүсіндей.

Жым-жырт қана отырғандай ой тастап,  
Елең етпей түкке де.  
Бейне жалғыз жолаушыдай жол тосқан,  
Бейуақта белгісіз бір түс көрем:  
Көкірегімде жаңғырады жартастар,  
Және мың-сан нүктелер...  
Мен өзімді, сосын сені түсінбей,  
Тұрдым ұзақ ақ толқынның ішінде —  
Мәңгілікке мызғып кеткен мүсіндей...

2007 ж.

## КҮТУ

Ол бізді күткен-тін сол ағаш түбінде,  
Ұзақ бір дұғасын күбірлеп.  
Қолаң бір шаштары жайылып іңірге,  
Ай нұры астында  
Сүйріктей саусағы дірілдеп —  
Тілейтін Тәңірден имани тілінде:  
"Олар бір келер, — деп, — түбінде".  
Сонан соң...  
Қап-қара жолдардың сілемін қуалап,  
Жылаған.  
Жынданған.  
Жүгірген!  
Жүзінде жайнаған үміттің гүліндей,  
Көз жасын қара жер сімірген.

"Оларсыз ешқашан бармаймын жұмаққа!" —  
Дейтін ол дауысы қалықтап түнекте.  
Ғасырлар жаңғырығын сімірген құлаққа,  
Қарлығаш ұя сап, балапан түлеткен.

Оны тек аңсау мен армандау жүдеткен,  
Жүдеткен — мың жылдық тұрғандай  
сүзектен!

Сол ұ-за-ақ күтуден қос көзі суалды,  
Түнеді қап-қара көлеңке.  
Сағыныш жаңбыры басылмай мұнарлы,  
Ағарған шаштарын жіберді жел өртеп.  
Сонда да кеуденің оты өшпей құмарлық;  
“Түбі бір оралар!” —  
Дейтұғын ертекке сенер тек.

...Әлі де ол күтулі сол ағаш түбінде,  
Көз жасын көкірегі сімірген.  
Ақ дауыл соққанда дүрілдеп,  
Ақ жаңбыр жауғанда сібірлеп,  
Отырады әлгі бір дұғасын күбірлеп.  
Жылқылар шұбырып өтсе бір іңірде,  
Құлағын алмайды дүбірден.

Жалғыздық мүжіген оның бұл қасіретін  
Ұқпаспыз немесе тым кештеу ұғармыз!...  
...Мүмкін, біз адасқан шығармыз!..



# Мен, орман және түс

### ТЫРНАЛАР

Қарашаның қатулы қабағынан сескеніп,  
Қайтқан құстар қып-қызыл бара  
жатыр кешке еніп.  
Фазал сіңіп әр қилы қожыр-  
қожыр тастарға,  
Қоңыр әуен қалқиды қоңыраулап аспанда.  
Кіл сағыныш кірпігін кеткендей  
бір мұң шалып,  
Сұры тырнаның сұңқылын жұтады  
үнсіз сұрша бұлт.  
Тырау-тырау тырналар,  
Тырауыңа ғашықдын.  
Аза толы жыл қалар арттарыңда басып мұң.  
Шексіздікке құштарым емес әсте кішірген,  
Сүйем сені, құстарым, еркіндігің үшін мен.  
Қаққан сайын самғайтын  
қанатыңа сүйсінем.  
Сүйсінем де, қанатсыз пенделерге күрсінем.  
Көк айдынды көл бетін құшып  
өтсем деп едім,  
Биік-биік таулардан ұшып өтсем деп едім.

Зарығумен, аңсаумен өтер өстіп енді өмір,  
Қанаты жоқ себебі пендемін ғой мен де бір.  
Көкке қарап ұлыған көкбөрісі ем  
жырдың аш,

Қайғым да бар жетерлік,  
Қасіретім – мың құлаш!..

Тырау-тырау, тырналар!  
Тырауыңа ғашықпын.  
Аза толы жыл қалар көкірегімді басып мұң.  
Ақ жол тілеп қалам мен қос  
қолымды жайып тек,  
Көкжиекке сіңерсің көз алдымда ғайып боп.  
Мен де бір күн сендердей  
кетем ұшып түстікке,  
Ғұмырымның соңына қойылғанда  
үш нүкте...

2004 ж.

## ЖАЗУ

...Жазу көрем мен ылғи нұр балқытқан  
пішінде,  
Аяны ма Алланың жер бетіне түсірген?!  
Қарап кейде айнаға жанарымның ішінен,  
Сол жазуды көремін үлкейген һәм  
кішірген.

Жазуы емес Тәураттың, емес мүлде  
Інжіл де...  
Отырамын оңаша қиялымда мұң бүрлеп.  
Жапырағына жанымның салған шақта  
жұлдыз дем,  
Белгісіз бір әуеңде сөйлейді олар  
күмбірлеп.

Бірақ оны ұғуға рухы жетпей ділімнің,  
Күрмеледі тілім дүр.  
Ортасынан безініп күбір менен сыбырдың,  
Көкке жайып қолымды көкжиекпен  
жүгірдім...  
Сонда балқып Ай туды үрпін сүйіп іңірдің.

Құстарындай бейіштің қанаттары  
жап-жасыл,

Олар самғап...

Нұр өпкен қауырсынын маздатып.

Шымыр-шымыр қайнаған қасіретімді  
қоздатып,

Қара түнді сіміріп қарашығыма көз

жасым, —

Кебісімді сүйретіп кеттім келмес жаққа бір,  
Аяғыма, сонан соң өзіме сор — өз басым...

Маңдайымды сүйгізіп қараңғы мен

жарыққа,

Езу тартам сәбидей өз өзімнен шалықтап.

Айғай менен ұраннан сәттерімде талыққан,

Үн жетеді бір мұңлы, үн жетеді тамұқтан.

Сонсоң мәңгі баз кешіп марапат пен

даңқтан,

Санамдағы сәуленің нұрын мұңлы Ай

ұрттап...

Сұлық түсіп жатамын сұп-суық бір

табытта,

Сол жазулар жүреді көкірегімде

қалықтап...

2006 ж.



**ТЕҢІЗ. АЙ. ЕЛЕС**  
*(А. Нұрғазыұлына)*

Көгілдір ай сәулесі астында буырқанып  
жатыр теңіз...  
Толқындар сапырылыса шайқаған айдың  
"өлі" денесін.  
Бәлкім, сол Ай — біздің ғұмырмен егіз,  
Бәріміз шарқ ұра аңсаймыз өткеннің  
елесін.  
Көкірегімізді қан-жоса ғып қадалған  
Тіпті де ұмыта алмаймыз уақыттың улы  
жебесін.

Ай мен сол Елес.  
Жылымға шөккен кеме.  
Су бетіне шықпайды енді олар қалқып.  
Сұңқылдап жалғыз ұшқан аққуды көрсең  
сен, егер,  
Қанатын көгілдір сәулелерге шарпып;  
Ол да біздей күңіреніп Елес дүниесін кезер,  
Аласұрған сезімнің құшағында малтып.

...Бүгін теңіздің демі салқын.  
Үн-түнсіз барамыз қайтып...

2007 ж.

**ТАБЫТ – ШЫРАҚ**  
(Өрнек Күлекеевке)

Қараңғы қабырға ішінен беймезгіл  
тұтанған шырақ,  
Пеңделер демінен тербелген алауы –  
жаныңның нұрына шарпылар.  
Сол күні сен жалғыз мәңгілік сапарға  
шыққансың ұзақ,  
Басқан әр ізіңе өткеннің бейнесі тартылар.  
Қиял әлемін торлаған уақыт,  
Азалы әуенмен бірлікте шарқ ұрар...

Дірілге ұласып... сол әуен жоғалған,  
Жабыққан әлемнің құшағына көміліп.  
Ал оған еліткен пеңделер  
бөрінен тоналған:  
Қиялын – үнсіздік,  
Өзегін – өксігі жеміріп.  
Тек а-на-ау алыста (тым-тым алыста),  
Балалық елесі асыр салады,  
Біздер адасқан аппақ толқындарға  
шомылып.

2008 ж.

Түн. Құлазыған бейне.  
Айнаның жүзінде сағым.  
Екеуміз өксиміз кейде,  
Еске алып бақидың таңын.

Қиялдың қанаты талса,  
Жабылар белгісіз бір есік.  
Моладан бүр жарар арша,  
Көлкіген көлеңкені кешіп.

Шыңғырар шытырман жолдар,  
Үнсіздік өксіген сәтте.  
Мүлгиді қап-қара орман,  
Біз үшін жат енді ол өттең.

Күз бе бұл, яки көктем?  
Даланы тұмшалар тұман.  
Көмейде талықсып кеткен,  
Ешқашан айтылмас бір ән.

Түн. Құлазыған бейне.  
Жүзінде ескірген әжім.  
...Біз неге өксиміз кейде,  
Еске алып бақидың таңын?..

2007 ж.

## ЕЛЕС

Ай,  
Мен үнсіздікке шомған Оның елесімен  
қатар ұштым,  
Көгілдір дүниедегі сенің шұғылаңды  
жамылып.  
Мен де айналдым елеске.  
Оны үн-түнсіз құштым,  
Мың жылдан соң кезіккен ғашықтардай  
сарылып.  
(Бір сәттік қиял арқылы  
О дүниеге жалғадым Бұ дүниенің  
тамырын.)

Ал,  
Ол ылғи жүреді Елес дүниесін мекен ғып,  
Аппақ қанатын қағып  
қап-қара бояулардың ішінде.  
Сенің күңгірт шұғылаң  
сүйіп бір жатқан шақта шекемді,  
Тек соны көремін түсімде.  
Іңкәрлік төсегінде бірге түнеймін,  
Өзіңнің нұрыңа жуынған ғұсылмен.

Ай,  
Сенің бейнеңдегі мәңгілік ұйқыға  
шомып бір кеткен жарым  
Сол еді! –  
Бұ дүниелік маған тәлім.  
Оны еске алу –  
әрине, дауылдар толқытқан  
бейуаққы теңізді кешіп өтуден де ауыр...

Жүзімді шарпиды аңсар мен  
сағыныштан тұтанған жалын.  
Қасіретім — оның қап-қара шашынан да  
қалың!

Ай — Жаным...

2007 ж.

## ИЕК СҮЙЕУ

Үн-түнсіз. Жым-жылас.  
Есік пен терезе —  
Мәңгілік ашылмас кейіпте. Жабылған.  
Әлдене аңсайсың. Кебеді кенезең.  
Масалар ызыңы билеген қабырға —  
Ол да үнсіз! —  
Қиялға шомылған.

Кірпікте қара түн түнеріп,  
Қарашық ішінде мұң ағып...  
Екеуіміз сүйетін бұл өмір  
Барады, ө, осылай қуарып...

Қасірет иектеп жанымды,  
Жұбатар едің ғой күрсінсем.  
Бейуақ сыңсиды қалың ну:  
“Қай жақта жүрсің сен?”

...Үзілген үмітті жалғар кім?  
Ұзақ түн ғасырдан.  
Ертеңгі ататын таңдардың  
Парағы шашылған...

2007 ж.

## ГҮЛ

Түн.

Балауыз шамның әлсіз жарығы  
Жалауын жел жыққан кемедей  
Қиялымызды иенге сүйреген.  
Ұмыта алмайтындығымыз бен  
ұмытуға болмайтындығын да елемей,  
санамызды мағынасыз әуендер билеген...

Әйтсе де бір буда қызыл гүл  
                                ұсынар едім мен саған,  
Бірақ сен таңырқамайсың  
                                дала гүлінің иісіне.

Иә, біздің сезім —  
Өзіміз ойлағаннан да "сараң",  
Тіпті оны қуат та қалмаған түйсінер.

Біздің бұл ауыр да азапты халімізді  
                                                ұғар кім?

Сен нені аңсайсың, жаным,  
көзіңді үн-түнсіз әйнекке қадап.  
Бәлкім, біз бір күні  
ұмыта алмайтындығымыз бен  
ұмытуға болмайтындығы үшін  
егіліп жылармыз...  
Бірақ, ол кезде тым кеш болар!  
Жасымыз көкірегімізде бүр жарған  
қауашақ гүлдің жапырағына  
                                appaқ қырау бop қонар...

Сосын...

Сосын, ол да солар!

2007 ж.

...Солады сыйлауға жаралған гүлдер.  
Дәл осы гүлдердей  
қарашығымызда қуарып, солар күз.  
Әрине, тым қиын өткенді ұмыту мүлдем...  
Біз де  
ағыстар шайқаған  
мұзтаудай мүжілген болармыз...  
...Қиялды тоғытып түнге,  
Елесін іздейміз солардың.

Ал қазір іңір ғой қарс түйген қабағын,  
Ынтық пен өксіктің қауышқан сәті —  
Немесе қураған гүлдердің сабағы,  
Бояуы қалмаған жасыл...

Аппақ сүңгіден тамған мөлдір тамшыдай —  
Сенің жасың...  
Көкірегіме шым-шымдап сіңген.  
Сен енді қайтесің бұл түнге жылап.  
...Қайтадан қауашақ жаяды гүлдер,  
Бірақ...  
Бірақ...  
Бірақ...

2008 ж.

## КӨБЕЛЕК – I

Сен бір әсем көбелексің  
Қызыл ала қанатты.  
Өн бойыңнан тұрар сенің  
Иісі аңқып жәннаттың.

Желмен баяу тұр ырғалып  
Даланың пәк гүлдері,  
Қанаттарың діріл қағып,  
Әсемдік бар мүлде бір.

Нәзік қана көркің біткен,  
Көңілімді тасытты.  
Сендегі сол еркіндікке  
Өле-өлгенше ғашықпын.

Талпынғанмен жете алмаспын,  
Сен жасаған әлемге.  
Өйткені мен адаммын ғой,  
Адаммын ғой, шарам не.

Жырлайтұғын өмір әнін,  
Және мұңлы ақынмын.  
Паң дүние шомылады,  
Көз жасына пақырдың.

Көрдім көркем елесіңді,  
Таңның сұлу бағынан.  
Жаулаған шақ сен есімді,  
Сары даламды сағынам.

Сені сүю қиын маған,  
Арманым ол — ақ сағым.



Мен түгілі бұйырмаған,  
Бақытына патшаның.

...Сен бір әсем көбелексің,  
Қимас басқа мүсінге.  
Ен далада жүресің ұшып,  
Көрем әркез түсімде...

2004 ж.

## КӨБЕЛЕК – II

Мен ғашықпын періштедей мүсінге,  
Көбелекке — қос қанаты дір қаққан.  
Бейне тылсым музыкалар ішінде,  
Жаралғандай ұйқастар мен ырғақтан.  
Соны аңсап құлазымын түсімде,  
Сағынышқа шым-шым батқан, шым батқан.  
Қос иықта қос қанаты — піріндей,  
Гүлден баяу көтерілер дірілдеп...

Күн сәулесі інжу шашқан іңірде,  
Отырамын жыр шарабын сіміріп.  
Шырын сорған оның балғын тілінде,  
Сөздер балқып жатқан сынды тым ұлы.  
Қайталанбас музыканың үніндей—  
Қанатының әр бір қаққан дірілі.  
Гүлден баяу көтерілер күлімдеп,  
Қос иықта қос қанаты — піріндей.

Санамдағы сағынышты жегенде ой,  
Арманымдай елестейді үкілі.  
"Сендік арман арғы әлемде!" дегендей,  
Жұлдыз толы жүрегімнің лүпілі.

Немесе бір жазылмаған өлеңдей,  
Қойылмаған нүктесі мен үтірі...  
Қос иықта қос қанаты — піріндей,  
Гүлден баяу көтерілер дірілдеп.

Қызыл, жасыл, қоңыр, яки күлгін бе,  
Мың бір түрлі бояулармен жарасып;  
Мен жазатын ең соңғы жыр мүлдем,  
Тағдырыма тауысқанша бал ашып;  
Қара түнге айналғанша қарашық;  
Рухымның иісі аңқыр бір гүлден —  
Гүл емес-ау, гүлдің әсем лаласы.  
Сосын мен де ұшам көкке күлімдеп,  
Қос иықта қос қанатым дірілдеп...

2006 ж.



## ЖЫЛҚЫЛАР

Олар шұрқырап сұп-сұры тұманнан  
шығатын,  
Қайтадан кіретін сұп-сұры тұманға.  
Дүбірден дүниенің жүрегі дүрсілдеп  
тұратын,  
Жаңғырып бейуақ кіл аңғар...

Қолымызға құрық ап құла дүзден іздейміз,  
Іздейміз оларды —  
Көшпенді жылқысын.  
Құла ма, қоңыр ма, қылаң ба... білмейміз,  
Біз үшін беймәлім түр-түсі.

Бізді де солардай барады жеміріп,  
Уақыт пен қара жол —  
Ирелеңдеген қос жылан!  
Жалы мен құйрығы сусылдап, төгіліп,  
Бұл күнде олар тек түсімде осқырар.

...Іңірде жатқан бір жаңдайын есінеп,  
Тарихым ұмытқан олардың тұяғын.  
Мен оны мінемін да-ла-лар төсінде,  
Иә, бұл кәдімгі ақынның қиялы.

...Енді үнсіз отырмын  
сағыныш сарғалдақтарын бүрлетіп санада,  
жусаны бұрқырап  
көктем ғой бұл мезгіл құлпырар.

Құлазу кейпіндегі  
мендік бұл қасіретті білмейді тағы олар,  
Кісінегім келеді бейуақ..  
Шұрқырап...

...Қайда сол үйірлі жылқылар?!

2007 ж.

### ІЗ

Таң рауандап атқанда бір бейне,  
Азан дауысымен оянған.  
Оның күллі болмысы таң нұрымен гүлденген,  
Сонсоң, а-лы-ыс бір сапарға жол алған.

Секілді алып бір Бәйтерек бұтағы,  
Шұбырған қап-қара жолдар тұр жалғасып.  
Уақыт үн-түнсіз жұтады,  
Бетіне басылған мезгілдің таңбасын.

Мәңгілік таусылмас шөлдерден жол ұзап,  
Тұманды дала бұл жатқан бір түс көріп.  
Ортасын шиырлап жүреді ол ұзақ,  
Ешкім де сызбаған шеңбер мен нүктенің.

Осылай бейуақта бір бейне,  
Алыс бір сапардан қайтадан оралар.  
Гүлденген болмысы өзгерер мүлдемге,  
Бәрінен, бәрінен, бәрінен тоналар...

2007 ж.

# ОРМАН

*Жиелейді қара орман...*

*М.Жұмабаев*

Суық һәм сүркейлі Шығыстың желі...  
Ауыр бір ойларға шомған —  
Мен мәңгі сүйемін сені,  
Үн-түнсіз мүлгіген қап-қара орман.

Жататын жым-жылас жыныстар бүркеп,  
Онда да аюлы шатқал бар —  
Шытырман жолы.  
Мен өскен тауларға жарасар бұл тек,  
Білемін, ешкім де сезген жоқ оны.

Анамның ағарған шашындай селдір,  
Менің де қиялым ағарды, жаным:  
Іленің суындай тап-таза, мөлдір,  
Тауындай тым асқақ тағы —  
Сол орман туралы пікір жоқ оңды,  
Себебі, ешкім де болған жоқ ұғып.  
Дәл өзі сияқты  
қиялға шомсаң бір болды,  
ойыңа жап-жасыл бояуы қалады жұғып.

Төбеңде жүреді Ай балқып... толысып...  
Тек соған бастайды  
                                                бейуаққы белгісіз жолдар.  
Мен сені сүйемін сол үшін,  
үн-түнсіз мүлгіген қап-қара орман...

...Болады енді кім қорған?!..

2007 ж.

## ӨРТЕЛГЕН МЕШІТ

Бейуақта сөккен кім сенімімнің көбесін?

Үйі өртелді Тәңірдің.

(Түсім емес, өңім бұл).

Жанарымда боталап жазулардың елесі,

Кірпігімнен ұшады құсқа айналып көгілдір.

...Тұншықтырып жанымды жанайқайым

өзімнің,

Құмда қалған құлазып жолаушыдай

сезіндім.

Мендік тағдыр жазылған "Тәңірхаттың"

парағы,

Көз алдымда тұр әне, отқа оранып күп-

күрең.

Қанат қағып Қиссалар қиялымның үстінен,

Әлсін-әлі қағады қылқобыздың шанағын.

Жалқын оттың ішінде күрсінеді көлеңкем,

Шым-шытырық, қым-қиғаш елес торлап

жанарын.

Өртке сүңгіп барамын...

...Батып бара жаттым бір қап-қараңғы

түнекке,

Қалды артымда шұбалып иір-қиыр

жалғыз із.

Таңғы азанның дауысы қалқып шығып

жүректен,

Маңдайыма қадалды

өртенген Ай алқызыл...

2007ж.

## ҚАЙЫҚ

...Кім болжар маңдайдың бағын?  
Теңізді жатыр сұп-сұры тұман құрсап.  
Сағынамыз, аңсаймыз тағы,  
Тым қатал болса да бұл шақ,  
Жанарың алысты бағып  
Ойларды кезесің тұмса.  
Құрсанған бұлттарды жарып,  
Дауылпаз ұшады шырқап.  
Уақыт тоздырған желкенін жайып,  
Қайда барады бұл жалғыз қайық?

Бұл сапар тым алыс — бейне,  
Шұбалған түстердей... ғасыл.  
Кім білсін, тоздырмас жейде  
Күткеннен тіпті де жақын.  
Үрейге малтығасың кейде,  
Теңіз көкжалы шығардай атып.  
(Шақырады үміттер... — жаһұт)

...Уақыт тоздырған желкенін жайып,  
Қайда барады бұл жалғыз қайық?..

2007 ж.

\* \* \*

Долданып жататын ағып,  
Теңіз һәм құлазыған жаға.  
Қолына шақпақ тас алып,  
Ең алғаш от жаққан ана.

Сонан соң күркіреп аспан,  
Жасыннан жаңғырған аңғар.  
Көз жасын көгілдір тасқа,  
Ойып бір жазатын жандар.

Жерұйық туралы ұғым —  
Мәңгілік ғұмырға сапар.  
Көру де тым қиын мұны,  
Сызылып таң қазір атар.

Қобыздың зарлы үнін ішкен...  
Қазулы бұл кімнің көрі?  
...Шұбалған шытырман түстер,  
Сен қайда апарасың мені?..

2007 ж.



## УАҚЫТ ЖЫРЫ

Уақыт — ысқырып ұшқан жебе...  
Яки, тау басында қалған кеме...  
Мәңгіге тоқтаған.  
Ол бірақ ғасырлар қойнауының ішінен  
Күп-күрең от жағар.

Сол отқа жылындық,  
Сол отқа күйдік те,  
Демінен кететін мұз да еріп.  
Сүймедік,  
жоқ, әлде, білмейміз сүйдік пе,  
Шұбалып жатыр тек сарғайған іздері.

...Айнадан сақылдап күлетін Аруақ,  
Жүзінде — Ажалдың елесі.  
Бөлмені кезеді ол қалған бір қаңырап,  
Көтеріп мезгілдің сұп-суық денесін.

...Қасірет әуені секілді  
Бейуақ бір мұңлы үн тарар тамшыдан.  
Жаңбырға үн-түнсіз тосасың бетіңді:  
"Бұл халге қалайша жан шыдар?.."  
(Уақыт — ...?  
Уақыт бәрін де жаншыған.)

...Осы бір ырғақты ыңылдап отырып,  
Екеуміз жұтылдық!..  
Жұтылдық түнге —  
Қап-қара тұманға...  
Мүлде!.. Мүлде!.. Мүлде!..

2007 ж.

Мұңайма, жылама, жаным,  
Бұл маңда жұбатпас ешкім.  
Онсыз да қасіреті қалың  
Мынау бір сұп-сұры кештің.

Қайтесің уайымға жүзіп,  
Көз жасың көтермес оны.  
Уақыт сызған бір сызық,  
Емес ол маңдайдың соры.

Мағынасыз әуендей сөзің:  
"Көремін, — дейсің, — бір жебе!"  
Нүктеге қадалып көзің,  
Сен іштей егілесің неге?

Өтінем, күлші бір мұңсыз,  
Жүрген не еңсеңді езіп.  
...Сен қайда барасың үнсіз,  
Бейуаққы көшені кезіп?

2007ж

## ДАЛА

Дала!  
Мен сенің қасіретіңді сезінем.  
Асқар таулардың басын мұнар шалған.  
Алайда, шексіздігіңді қиялдап көз ілем,  
Ұшқан құстың қанаты талған.

Ылғи да бір ұзақ сапарға шығамын,  
Сенің төсіңді шиырлап.



Түн құшағында мүлгіген елес,  
Қараша гүліндей солған.  
Бірақ ол мен сүйген махаббат емес,  
Қиялын кеңістік сорған...

Бұлдырар бұлыңғыр әйнек...  
Көкірегі күбірге толы.  
Самал жел ұшырған ләйлек  
Секілді ол сермейді қолын.

Көзінен көлеңке тамар —  
Уақыттың күп-күрең табы.  
Алаулап жұлдыздар ағар,  
Отқа орап мезгілдің бағын...

Түн құшағында мүлгіген елес, —  
Өрмекші тоқыған тордай.  
Бірақ ол мен сүйген махаббат емес,  
Мен сүйген махаббат болған...

...Тек оны біледі  
Кеңістік қойнауына құлаған жолдар!

2008 ж.

Бейуақ..  
Үйірлі жылқылар дүбірі –  
Рухтың үніндей  
Көкірек нұрына тамшылар..  
Қар басқан қараша гүліндей  
Кім оны жаншыған?!

Тау, орман, ағаш, тал... мүлгіген.  
Әлемнің құшағын кезеді жаңғырық,  
Ашар ем... кілтім жоқ, кім білер?..  
Қолымда құлпылы құпия саңдығым.

Қасірет!  
Қасірет!  
Қасірет!..  
Қобыздың қоңырқай үніндей  
Көңілдің көзіне тамшылар.  
Бір ұзақ сапар ғой Дүние –  
Басы жоқ..  
Ал соңы бар шығар.

...Қар басқан қараша гүліндей,  
Қашанғы жаншылар?!

2008 ж.

## ҚҰЛАЗУ

Үнсіздік пен айқайдың арасындағы  
жалғыз аяқ соқпақ... — ұзыннан  
ұзаққа шұбалған.

Бейне, ашылмаған Қиял кітабының ішіне  
Бір нәзік қол жасырып,  
жалғыз тал емен жапырағындай қуарған.

Алыс сапарға шақыратын жолдар,  
Қатал уақыт илеуіндегі бір түн —  
Бір ғасыр!  
Көз алдыңда билейді сонда  
Өткенің мен Болашағыңның сұлбасы.

Немесе көктемгі бәйшешектей  
Шықпай жатып солады  
арманыңның бүршігі.  
Сосын отырасың жалғыз құлазып  
Өз-өзіңнен түншығып.

Көзіңді ашсаң да, жұмсаң да  
көкірегіңе шер түнер...  
Құстар ұшады қанаттарының  
сусылдарымен мұң аулап.  
Сол ұлы құлазу қасіретінің дертінен  
Менің де, сенің де, оның да  
жанары суалар...

2007 ж.

# МАЗМҰНЫ

## Бірінші бөлім Орман және түс

Қоштасу.....	3
Айлы түн.....	4
"Жатырмын ұйқым келмей,.."	5
Ең соңғы алау.....	6
Қобыз үні.....	8
Түсіме ылағи енеді.....	9
Вокзал. Таң.....	11
Сапар – I.....	12
Сапар – II.....	13
Ұлу.....	14
"Қаңтардың қай бір түні еді,.."	16
Құштарлық.....	17
"Уақыттың шәлісін жамылып қаралы,.."	18
"Күз..."	19
Мазасыз түн.....	20
"Меңдегі іңкәр сезімді арбай,.."	21
"Жауып тұр күздің жаңбыры,.."	22
"Мүлгиді үнсіз мынау бақ,.."	23
Жоқтау.....	25
Боздақ.....	27
ЖЫЛҚЫ.....	28
Ай.....	29
Жолаушы.....	31
Айқай.....	33
Жұмбақтас.....	34
Күту.....	35

**Екінші бөлім**  
**Мен, орман және түс**

Тырналар.....	37
Жазу .....	38
Теңіз. Ай. Елес.....	40
Табыт – шырақ.....	41
"Түн. Құлазыған бейне..." .....	42
Елес.....	43
Иек сүйеу.....	44
Гүл.....	45
"...Солады сыйлауға жаралған гүлдер..." .....	46
Көбелек – I.....	47
Көбелек – II.....	48
Жылқылар.....	50
Із.....	51
Орман.....	52
Өртелген мешіт.....	53
"Қайық" .....	54
"Долданып жататын ағып..." .....	55
Уақыт жыры.....	56
"Мұңайма, жылама, жаным..." .....	57
Дала.....	58
"Түн құшағында мүлгіген елес..." .....	59
"Бейуақ..." .....	60
Құлазу.....	61



# **Тоқтарәлі ТАҢЖАРЫҚ**

## **Түн парақтары**


Сарашысы — *Ұлжалғас Зәуірбекова*  
Техникалық сарашысы, безендірген және  
беттеген — *Нургүл Сейдахметова*

Теруге 22.12.08 жіберілді. Басуға 27.12.08 қол қойылды.  
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі “Таймс”. Пішімі 70x90<sup>1/32</sup>.  
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 3.44. Есептік баспа  
табағы 4.0. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс N 88. Келісімді  
баға.

“Жалын баспасы” Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.  
050009. Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Тел.: (327) 242-03-87

250т.

 ЖШС РПБК «Дәуір», 050009, Алматы қаласы,  
Гагарин даңғылы, 93. Тел.: 269-40-35, 242-47-69, 242-07-90,  
E-mail: rpik-daur81@mail.ru, rpik-daur2@mail.ru


ISBN 9965-693-73-0



9 789965 693731

25071

251



Тоқтарәлі ТАҢЖАРЫҚ.  
1982-жылы Қытайдың Іле аймағы  
Күнес ауданында дүниеге келген. «Жа-  
пыраққа тұнған тамшылар» (2003 ж. «Үшқиян»  
баспасы), «Таңғы шық», «Жас толқын» секілді жыр  
жинақтарына өлеңдері енген. «Серпер» Жастар  
сыйлығының иегері.

